

Қызметін Әуликөл ауданының аумағында жүзеге асыратын салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2010 жылғы 7 шілдедегі № 189 шешімі. Қостанай облысы Әуликөл ауданының басқармасында 2010 жылғы 3 тамызда № 9-7-121 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 14 ақпандағы № 175 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 14.02.2018 № 175 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 421, 422 баптарының негізінде Әуликөл аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қызметін Әуликөл ауданының аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін айына бірыңғай тіркелген салық ставкаларының мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
кезектен тыс сессияның төрағасы*

Д. Қойшыбаев

*Аудандық
мәслихаттың хатшысы*

А. Бондаренко

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрлігі Салық
комитетінің Қостанай
облысы бойынша Салық
Департаментінің "Әуликөл
ауданы бойынша салық
басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің бастығының
міндетін атқарушы

_____ Әлиев Қ.Х.

Қызметін Әуликөл ауданының аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін айына бірыңғай тіркелген салық ставкаларының мөлшері

Рет №	Салық салу объектісінің атауы	Айына бірыңғай тіркелген салық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткішпен)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	Бильярд үстелі	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК